

№ 7
дәріс

7-дәріс тақырыбы:

Химиялық білім берудің теориялық негіздері.

Химиялық білім берудің заңдылықтары мен принциптері. Химиялық білім беру идеялары.

Жоспары:

- 3.1. Химиялық білім берудің теориялық негіздері.
- 3.2. Оқытудағы дидактикалық принциптердің негізгі түрлері (жалғасы).

7.3. Химияны оқытуда пәнішілік және пәнаралық байланысты пайдалану принципі.

Тезистері:

7.1.Химиялық білім берудің теориялық негіздері.

Химияны оқытудың негізгі теориялары. Химияны дамыта оқыту теориясы. Химияны оқыту барысында оқушылардың ақыл-ойын дамыту теориясы. Білік-дағдыны дамыту теориясы. Химиялық білім беру жүйесіндегі тәрбие теориясы. Химияны оқыту барысында құндылық бағдарларын қалыптастыру теориясы.

7.2.Оқытудағы дидактикалық принциптердің негізгі түрлері (жалғасы).

Оқытудағы сабақтастық принципі. Игерілген материалдың кейінгі оқу ақпаратына тірек болуы. Химия пәні бойынша тақырыптардың бірлігі, тұтастығы. Сабақтастық принципі – пәнішілік және пәнаралық байланыстардың қамтамасыз етілуі. Химияны оқытуда тақырыптан-тақырыпқа, сыныптан-сыныпқа ауысқан кездегі материал біртұтастығын сақтаудың маңызы, оны ескермеудің кері әсері. Қазақша химиялық терминология мәселелері, оның біркелкілігінің сақтаудағы сабақтастық принципінің маңызы.

Оқытудағы көрнектілік принципі. Химияда қолданылатын көрнектілік түрлері: дидактикалық ертеден қалыптасқан түпкілікті негіздерінің бірі, химияны оқытуда маңызы орын алады. Оқушылар білімді заттар мен химиялық әрекеттерді тікелей қабылдау арқылы алуы тиіс. Бұл мүмкін болмаған жағдайда атом мен молекуланың құрылысының, өндірістік қондырғылардың модельдерін, суреттерін, сызбанұсқаларын пайдаланады. Осының бәрінде оқушылар жан-жақты бақылау жасауға, әр көрнектіліктен барынша мол ақпарат алуға, бақылау нәтижелерін қорытындылап, түсіндіре білуге үйренуі керек.

Оқытудағы саналылық принципі. Саналылық принципінің мән-мағынасы, оны сақтаудың оқушылардың танымдық іс-әрекеттеріндегі маңызы. Саналылық принципінің оқытудың нәтижелілігімен байланыстылығы. Саналы түрде оқудың ББД-ны еркін пайдаланудағы рөлі. Сырт көзге оп-оңай, қарапайым ғана болып көрінетін принциптің бүгінгі күндегі өзектілігі, саналы түрде білім алуға қол жеткізу – оқуға, кәсіби іс-әрекетке, айналып келгенде, өмірге деген дұрыс, нық көзқарастың қалыптасқандығының айғағы. Плагиат – «шығармашылық ұрлық», оның кері салдары. Шығармашыл, адал еңбектің қоғам үшін қажеттілігі, оның жемісі. Тек оқушылардың ғана емес, мұғалімдердің де саналылық принципін ұстануының керектігі, оның оқу-тәрбие беру процесіндегі көрінісі.оқыту барысында мұғалім мен оқушы еңбегінің ара салмағын оқушылар жағына ауыстырып, олардың пәнге қызығуын және білім алуудағы белсенділігін арттыру.

Ол үшін білімнің қажеттігі мен пайдасына оқушылардың көздерін жеткізіп, өздігінен жұмыс істей білуге үйрету керек.

Ғылымның тілін меңгерумен байланысты саналылық негізінің маңызы арта түседі. Оқушылар термин арқылы берілетін ұғымның негізгі белгілерін, қажет жағдайда, зат атауының шығу төркінін, химиялық символиканың мәні мен мағынасын түсінуі, олар арқылы белгіленген заттар мен құбылыстарды елестете білуі керек. Мұның өзі оқушылар білімінің жаттанды және үстірт болмауын қамтамасыз етеді.

Білімді берік меңгеру принципі. Білім-біліктің оқушыларда берік сақталуына әсер ететін факторлар. Білім-біліктің оңай меңгерілуіне мүмкіндік беретін логикалық тәсілдер: салыстыру, жүйелеу, талдау, синтездеу, қорытындылау т.б. Ой жүгіртуге бағытталған амал-тәсілдердің оқушылардағы ойлау операцияларына әсері, бұларды оқушылардың жас ерекшелігіне қарай бейімдеу. Білімді берік меңгеру принципінің өзге оқыту принциптерімен ұштастырылуы.

7.3. Химияны оқытуда пәнішілік және пәнаралық байланысты пайдалану принципі.

Принциптің қалыптасу тарихы, оның педагогикалық өндірісте қолданылуы. Химияның биология, физика, экология, география және өзге де салалармен «түйісу нүктелері», осындай байланысты дамытудың оқытуға деген қолайлы әсері. Химияның гуманитарлық саламен байланысы, кейбір зерттеулер мен болжамдардың моральдық жағы, осы мәселе төңірегінде қоғамдағы ой-пікірлер. Мектептік Химияны оқытуда пропедевтикалық, шекаралас пәндерден алынатын білім-білікті нәтижелі пайдалану. Мектептік химия – пропедевтикалық пәндерді есептемегенде, өзара ажырамастай байланысқан пәндерден тұратын, кешенді курс. Осы тұрғыда оның пәнішілік байланыстың ескерілуінің маңызы. Бүгінгі таңдағы жалпы білім беретін мектептерге арналған химия оқулықтары мен ОӘК-леріне пәнішілік және пәнаралық байланыстардың сақталу жағдайы. Мұндағы химия пәні бойынша МЖБС-тың, оқу бағдарламаларының рөлі.